

Салық салу бірлігіне тіркелген жиынтық салық ставкалары туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Сырым аудандық мәслихатының 2009 жылғы 26 ақпандағы N 11-3 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы әділет басқармасында 2009 жылғы 13 наурызда N 7-10-59 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Сырым аудандық мәслихатының 2018 жылғы 17 шілдедегі № 28-7 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Сырым аудандық мәслихатының 17.07.2018 № 28-7 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 422 бабын және " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңын басшылыққа ала отырып Сырым аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Салық салу бірлігіне тіркелген жиынтық салық ставкалары қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Сырым аудандық мәслихаты сессиясының төрайымы

Сырым аудандық мәслихатының хатшысы

Г.Кажмуратова

А.Галимов

Аудандық мәслихаттың
кезектен XI сессиясының
2009 жылғы 26 ақпандағы
N 11-3 шешіміне қосымша

Салық салу бірлігіне тіркелген жиынтық салық ставкалары

N	Салық салу объектісінің атауы	Салық салу нысандарының бірлігі	Бірыңғай жиынтық салық ставкасы (айлық есептік көрсеткішінде)
1	2	3	4
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	Бір ойын автоматы	1
2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	Бір ойын автоматы	1
3	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	Бір компьютер	1

4	Ойын жолы	Бір ойын жолы	5
5	Карт	Карт	2
6	Бильярд үстелі	Бір бильярд үстелі	3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК